

Үмітқалиев Ү.Ү.¹, Искаков Қ.А.², Жуандықова А.Д.³

¹Т.ғ.к., доцент, e-mail: uumitkaliev@bk.ru

²курс PhD докторанты, e-mail: kuanysh_iskakov@mail.ru

³магистр, аға оқытушы, e-mail: aikun.10@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ МӘЙІТТИ УАҚЫТША САҚТАУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ ҒҰРПЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ

Мақалада авторлар этнографиялық материалдар негізінде, археологиялық материалдармен сабақтастыра отырып көшпелілер қоғамында, оның ішінде қазақ халқында кездесетін «аманатқа қою» сияқты мәйітті уақытша сақтаудың жолдарын, себептерін, бұл ғұрыптың көшпелілер дүниетанымымен байланысын ашуға талаптанған және мәйітті жөнелту ғұрпына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, ерте көшпелілердің патшаларды ірі пантеондарға жерлеуі, қазақ халқының хандарын, би-шешендерін, батырларын Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлеуінің, беделді тұлғаларды соңғы сапарына елге сауын айтып, жиналып салтанатпен шығарып салудың мәнін сабақтастыра ашып көрсеткен. Қазақ халқында кездесетін кейбір жағдайларда өлген адамның мәйіті болмаған кезде кенотафты жерлеу түрлеріне де тоқталған.

Түйін сөздер: дәстүр сабақтастығы, сақ пантеондары, қасиетті жерлер, мәйітті жерлеу, өлікті жөнелту, аманатқа қою, сөреге қою, сауын айту.

Umitkaliyev U.¹, Iskakov K.², Zhuandykova A.³

¹Candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: uumitkaliev@bk.ru

²doctoral candidate, e-mail: kuanysh_iskakov@mail.ru

³master, Senior Lecturer, e-mail: aikun.10@mail.ru

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

The rite of preservation and burial of the bodies of the dead from the Kazakh people: based on ethnographic data

In this article, the authors, on the basis of ethnographic materials, attempted to uncover the ways and reasons for the deferred burials «amanatka koyu» («temporarily bury»), and their connection with aspects of the worldview of nomadic tribes, including the Kazakh people. They gave a description of the funeral rite of the deceased. Considered in the historical interrelation of the tradition of the burial of the Saka kings in the large pantheons, the burial of the Kazakh khans, biy rulers and batyrs in the mausoleum of Khoja Ahmet Yassauy, as well as the tradition of spreading the news of the death of influential people. In addition, considered the burial without a corpse (cenotaph) occurring in the Kazakh people.

Key words: continuity of traditions, Saka pantheons, sacred lands, burial of the body, burial of the deceased, deferred burial.

Умитқалиев Ұ.Ұ.¹, Искаков К.А.², Жуандықова А.Д.³

¹к.и.н., доцент, e-mail: uumitkaliev@bk.ru

²PhD докторант, e-mail: kuanysh_iskakov@mail.ru

³магистр, старший преподаватель, e-mail: aikun.10@mail.ru

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

Обряд сохранения и захоронения тел умерших у казахского народа: на основе этнографических данных

В данной статье авторы на основе этнографических материалов попытались раскрыть способы, а также причины отложенных погребений «аманатқа қою» («захоронить временно»), и их связь с аспектами мировоззрения кочевых племен, в том числе казахского народа. Дано описание обряда похорон умершего, рассмотрены в исторической взаимосвязи традиции погребения сакских царей в больших пантеонах, погребения казахских ханов, биев-правителей и батыров в мавзолее Ходжа Ахмета Яссауи, а также традиция распространения вести о смерти влиятельных людей и погребения без трупа (кенотаф), встречающиеся у казахского народа.

Ключевые слова: преемственность традиций, сакские пантеоны, сакральные земли, погребение тела, похороны умершего, отложенное погребение.

Кіріспе

Қазақ халқы көне дәуірлерден әруақты, ата-баба рухын құрметтеген халық. Оның көріністерін бүгінгі күні халқымыздағы толықтай мұсылман дініндеміз деп мойындағанымен синкретті түрде оған дейінгі күнге, отқа, тәңірге табынуға және әруақты құрметтеуге қатысты нағыз сенімдерінен байқаймыз.

Оған қатысты көптеген мысалдар мен дәйектер күнделікті тұрмысымызда да көрініс тапқан. Мәселен келін түскенде отқа май құю, отты құрметтеу, тәңірді ауызға алып сиыну және жұма күні жеті шелпек пісіріп иіс шығару сияқты көптеген мысалдарды келтіруге болады.

Сонымен қатар қарапайым тұрмыспен астаып жатқан көпшілік байқай бермейтін тамыры терең сонау сақ кезеңдерінен бастау алатын дүниетанымдық түсініктер бүгінгі тақырыптың арқауы болмақ. Археологиялық қазба нәтижесінде зерттелген көптеген ескерткіштер мәліметтері тек тарихнамалық, сипаттамалық тұрғыда немесе осы уақытқа дейін еуропацентристік тұжырымдармен байламдар жасалып келді. Ал олардың жергілікті мәдениеттерден тамырын іздеу, яғни қазақ халқының этногенезіне қатысты мәселелер шет қалып отырды.

Трепанацияға қатысты этноархеологиялық тұжырымдар

Елімізде соңғы 20 жылдықта көптеген мемлекеттік бағдарламалар аясында және үрдіске айналған жаппай сақ кезеңін зерттеу бағытында көптеген археологиялық ескерткіштер ашыл-

ды. Олардың жаппай ашылуымен бірге тың мәліметтердің молаюы жаңа мәселелерді туындатып отыр. Еліміздің және басқа да көршілес аймақтардан зерттеліп жатқан сақ дәуірінің ірі кешенді ескерткіштерін зерттеу арқылы олардың мәденигенез мәселесін іздеуде этнографиялық мәліметтерді қолдансақ қателеспейміз деп ойлаймыз.

Патшаларын үлкен-үлкен обаларда жерлеген сақ бабалары сияқты қазақ халқы да қайтыс болған адамды соңғы сапарына шығарып салуға, сонымен байланысты ғұрыптарды атқаруға ерекше мән берген. Марқұмды соңғы сапарға шығарып салу, онымен қоштасу, жылына дейін қара жамылып, аза тұту, ас беру сақ бабаларымыздан келе жатқан дәстүр деуге болады.

Сақтар мен скифтер қайтыс болған адамдарды жылдың белгілі бір мерзімдерінде – жаздың басында немесе күзде ғана жерлеу дәстүрі болды. Бұл дәстүр қарасұқ, тағар және пазырық мәдениеттерінде жақсы көрініс тапты. Сонымен қатар, бұл дәстүрдің түркілерде де сақталғандығын көптеген археологиялық деректерден байқауға болады.

Бұл дәстүрдің табиғи жағдайлармен және көшпелілердің шаруашылық циклымен байланыстылығын көреміз. Қыста қайтыс болған адамды жердің тоң болуына байланысты көктемге сақтап, «аманатқа қойған», яғни мәйіттің іш-құрылысын алып тастап, сөреге сақтап, көктемде жердің тоңы қайтқан кезде мәйітті арнайы орында жерлеген деген пікірді алға тартамыз.

Арнайы жер дегенде сол қоғамның тек әлеуметтік дәрежесі жоғары өкілдерінің жерленетін орны болып саналатын пантеондарда қойған. Ол жерлердің жанында міндетті

түрде өзендердің болуы, жазықты қыратты әрі қайқаңға шыға келгенде бірден көзге түсетін биік жоталы кең жазықтарды таңдаған деп ойлаймыз. Сонымен қатар басты орында сол көне құрылыс салынған жерден алыс емес таудың шағыл тасының немесе өзеннің малта тасының болуы, қарағай өсетін және құрылыста шымның қолданылуы үшін көгалды сазды жерлердің болуы ескерілген.

Сақ кезеңіндегі ірі пантеондардың құрылысы мен қазақ халқындағы қыстау маңына жерлеу сияқты пікірлерді астастыру немесе ұқсату ұшқары пікір деп ойлаймыз. Қыстау маңына жерлеу дәстүрі сақ кезеңінің дүниетанымында басты орында болмаған, өйткені ірі пантеондар кең жазықты қыраттарда, өзен жағалауларында және көне құрылысты салу үшін құрылыс материалдарының жеткілікті орындарда болуы басты себеп болған деп ойлаймыз. Ал қыстау маңына жерлеу дәстүрі әлдеқайда кейінгі дәуірлерде болған деп тұжырымдауға болады. Көптеген жылдық зерттеулер нәтижесінде қарапайым жерлеу орындары ірі обалар маңына қойылуға тиым салынған. Өйткені ірі обалар маңында кездесетін кіші обалардың өзінде мәйітті бай шығарып салу жабдығымен жерлеген.

Осыған қатысты туыстас адамдарды рулық зиратқа, қыстау маңына жерлеу де көшпелілер дәстүрі болып табылады. «Ерте пазырықтықтар туыстарын әдетте өз қыстауларының жанында жерледі. Туыстарын өз қыстауларына жерлеу арқылы пазырықтықтар өздерінің мекендейтін жерлерін белгіледі. Бұл дәстүр ғасырлар бойы сақталып, қазақтар мен қырғыздар да кейінге дейін қайтыс болған туыстарын тек қыстау маңына жерлеген, деген С.И. Руденконың пікірін мысалға алуға болады (Руденко, 1952: 9). Бұл жерде басты орында міндетті түрде қыстау маңында жерлеу рәсімін өткізу емес, ең маңыздысы арнайы пантеон болуы шарт дегенге тоқталамыз. Өйткені біздің зерттеулеріміздегі Шілікті, Бесоба, Қырықоба, Қаракемер және тағы басқа кешенді ескерткіштерде тек жерлеу құрылыстарымен қатар ғұрыптық құрылыстардың кездесуі сол заманда үлкен маңызға ие қасиетті орын болып саналғанын көрсетеді. Сондықтан да қасиетті мекенге, яғни ата-бабаларының жерлену орнына тіпті мал да жаймаған болуы мүмкін. Ол пантеондар арнайы әскери жасақтармен қорғалуы да мүмкін деген тұжырымдар жасай аламыз.

Ерте көктемде немесе қыстың басында адам баласының әлсіреп көз жұматын уақыты

болғандықтан адам мәйітін белгілі бір уақытқа дейін сақтау қажеттілігі болды. Қажеттілік дегенде ең бастысы жердің тоң болуы, ауа райының суық болуы себепті соңғы сапарға шығарып салудың кең түрде аталып өтуі үшін барлық халықты жинау қажеттілігі тек жаз айларында болғанын болжауға болады. Ал жылдың басқа мезгілдерінде көз жұмған адам мүрдесін жазғы уақытқа дейін сақтау үшін аманатқа жерлеу немесе сөреге қою дәстүрі орын алды деуге болады.

Осы аманатқа қою немесе сөреге қою дәстүрімен астасып жатқан дүние ол қайтыс болған адамның жылын беру, жылдық асын өткізу, сол жылдық асына арналған тұл атын сою сияқты қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын келтіруге болады. Қазақ халқындағы тұл ат, тұл қатын сияқты түсініктерге белгілі ғалым Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлының терең талдауларын мысалға келтіруге болады (Төлеубаев, 2018: 28-37).

Бұл тұл ат немесе өлікті жөнелту мен ас беру дәстүрі бөлек қарастыратын кең тақырып деуге болады.

Жоғарыда аталған «аманатқа жерлеу» дәстүрінің түркілерде де болғандығын келесі деректен көре аламыз. VII ғ. басына жататын Қытай жазба деректерінде Хушо-Цайдама стелаларында сақталған түркілерде қайтыс болған атақты тұлғалардың мәйітін ұзақ уақытқа сақтау туралы деректерде нақты уақыты көрсетілген:

1) «Күлтегін Қой жылы 17-ші күні, яғни 731 жылы 27 ақпанда ұшып кетті (қайтыс болды);

«9-шы айда, 27-ші күні», яғни 731 жылы 2 қарашада оның жерлеу рәсімін өткізді.

2) Білге қаған «Ит жылы, 10-шы айдың 26-шы күні, яғни 734 жылы 26 қарашада қайтыс болды».

«Доңыз жылы 5-ші айдың 27-ші күні», яғни 735 жылы 24 маусымда оны жерледі.

В.Е. Войтовтың жазуынша «Күлтегін қайтыс болғаннан кейін 9 айдан кейін, ал Білге қаған – 7 айдан кейін жерленді», дейді. Сонымен бірге олардың бальзамдалған мәйіті биік төбенің үстінде киіз үйде сақталғандығын жазады (Войтов, 1996: 109).

Қазақ халқындағы мәйітті сақтау жолдары

Осы сияқты қазақ халқында да аманатқа қойғанда биік төбеге киіз үйге сөре жасалып, сонда сақтайтын болған. Мысалы, Түркістанға апарып жерлегенге дейін сөреге қойылған тұлғалардың қатарында Қазыбек би мен

Бөгенбай батырды айтуға болады. Ол жерлер әлі күнге дейін Бөгенбайдың сөресі, Қазыбек би сөресі деп аталады. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарасты Теректі ауылдық округіндегі Былғары-Табыты елді мекенін де мысалға келтіруге болады.

Қазыбек би өлетін жылы сүйіндік руының қыстауында, қазіргі Баянауыл ауданының жеріндегі Далба тауының қойнауындағы Мұрынтал деген жерде дүниеден өткен. Сол жер «Қазыбектің сөре тасы» атанып кеткен (Арғынбаев, 2005: 81). Оның баласы Бекболат әкесі қайтыс болған жерде киіз үй тұрғызып, төрт айдың ішінде Қазыбек бидің денесін қоршап сақтап жүрген екен. Қар ерігенде, Бекболат әкесінің денесін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеген (<http://e-history.kz>).

Бөгенбай батыр жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мешітіне жерлеу үшін батырдың денесін арулап, былғарыға орап, қыс бойы сөреге қойып сақтаған. Абылай ханның жарлығы бойынша 1776 жылы көктемде ұлы Тұраналы мен Айтбай Аتكелтірұлы бастаған елдің игі жақсылары батырдың сүйегін нарға теңдеп, Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерлеген. Бөгенбай батырдың сүйегі сақталған жер бүгінге дейін Ерейментау өңірінде «Бөгенбайдың сөресі» деп аталады (<http://azretsultan.kz>).

Қазыбек бидің заманында өмір сүрген Олжабай батыр мен Едіге биді де Ерейментауының сыртында уақытша жерлеп, жаз шыға Түркістанға апарып жерлеген. Бұл жерлер қазір Олжабай сөресі, Едіге сөресі деп аталады.

Әнет баба Қаратауда Қошқарата деген жерде дүниеден қайтыпты. Әнет бабаның сүйегін Көкенай батыр Түркістанға апарып қойған екен.

Көкенай батыр Әнет бабаның ішек-қарнын, өкпе бауырын сол жерге Қошқаратаға көміп, сүйегін сөрелеп Түркістанға, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне апарып жерлеген екен.

Сонымен қатар Шыңғыстауда дүние салған Мамай батырдың ішкі құрылысын Кеңгірбай би Орданың бауырында қойғызады да, сүйегін былғарымен қаптатып Түркістанға апарып жерлеткізеді.

Атақты батырдың сүйегін Түркістанға апаруға Мамайдың тұңғыш ұлы Жиеншора батыр, кенже ұлы Жолбарыс, Мырза батырлар бастаған Жұмағұл балалары, Ожар батыр бастаған Жөкең ұрпақтары сияқты белгілі азаматтардан құралған қырық қаралы адам болып

барады.

Келесі жылы арнайы мал айдатып, өзі бастап барып Мамай батырға арнап ас бергізген екен (Жанболатұлы, 2004:36,37).

1913 жылы Торғай бойында аманатқа қойылған Күмісбай әулие 18 жылдан кейін қазылып алынғанда оның денесінде ешқандай өзгеріс болмаған, бұзылмаған (Кенжеахметұлы, 2004).

Күмісбай әулие ХІХ ғасырда қазіргі Қызбел ауылында – Жылықайдар әулетінде дүниеге келген (Жанкелді ауданы). Қартайған шағында өмірден озатынын айтып өсиет жасайды. Өсиетінде осы жерге аманат деп жерлендер. Мен өлген соң 18 жылдан кейін осы Құмкешуден біреу қажыға барып келеді. Мешіт салдырады. Міне сол кезде мені қайта сол мешіт жанына жерлендер деп өсиет айтқан. Болжаған мезгілінде дүниеден озып әулиені Торғай өзені жағасына – аманатқа деп жерлейді. Кейін қайта жерлейтін кезде ашып қараса әулиенің денесі сол қалпы сақталған тек бір үлкен башпайының басы сәл қарайған екен дейді. Қайтадан кебіндеп қажыға барып келген Құлкей қажының маңына жерлеген. Әулие денесі жиырма жылға жуық жерде жатса да өзгермеген (Байділдин, 2010].

Жау қолында қалған, елден жырақта қайтыс болған батырларының сүйегін де қазақтар туған жеріне әкеліп жерлеуге тырысқан. Сондай мысалдардың бірі, Дәркембай Шокпарұлы мен Дәулет Дәркембайұлының «Қазақтың қолданбалы өнері» атты еңбегінде Алмас Нұрмаханұлы Алматы Арғынбай батырдың сүйегін елге жеткізілуі төмендегі жолдармен келтірілген:

...Сүйегін артып ердің күзде келдік,
Тар кезең, етін сылып, киізге орап,
Қайнатып, сілтіге орап, ақсүйек қып,
Жеткердік болған менен қанша тозақ...
(Шокпарұлы, Дәркембайұлы, 2007).

Жоғарыда айтылғандай жау қолында немесе туған жерінен алшақта дүниеден қайтқан адамды кіндік қаны тамған жерге апарып жерлеудің тағы бір мысалы ретінде Алматы қаласында дүниеден озған Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахманды Алматы қаласында уақытша жерлеп, кейіннен Шыңғыстауға апарып, қайта жерлегенін айтуға болады. «Әбішті жерге, лахатқа Майқан мен Өтеген өз қолдарымен қойып жатып, «Аманат», «Аманат!» – десті» (М.О. Әуезов «Абай жолы» романы).

Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер атты еңбекте авторлар қазақ халқында мәйітті

ұзақ сақтаудың бал құю, аршамен қаптау, былғары табытқа салу сияқты көптеген әдістері болғандығын жазады. Мәйіттің бұзылмас жағдайын жасаған соң, алыс жолға аттанғанша оны арнайы киіз үйге, немесе биік ағаш сөреге, не былғарыға мықтап орап, қатар өскен екі ағаштың басына керіп қоятын болған дейді. Бұл еңбекте авторлар Көне Түркістанға Әзірет Сұлтанға апарып жерленген игі жақсылардың қай-қайсысы болса да осы «аманатқа қоюды» басынан өткерген деген пікір айтады.

Осы айтылған аманатқа жерлеу дәстүрін жете түсінбеген кейбір тілі, діні басқа, шолақ ойлы саяхатшылар жаңсақ пікірлерге жол берген. Олардың бірі қазіргі Қазақстан жерін өз картасында бейнелеген ағылшын Дженкинсон картадағы көптеген адамдар ағашқа асулы тұрған суретті бейнелеген. Осыған байланысты адам мүрдесін дарға асып қойған сияқты салақтатып қойған деген жаңсақ ойға жетелейтін хабарлама берген (Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер, 1991: 122).

Әдетте, аманатқа қойғанда мәйітті жерлемей, яғни көмбей, денесін сөреге қойып, былғарыға орап, қармен, таспен көміп, бұзылмайтындай жағдайда ұстап, бірақ жерлеген. Себебі ислам шариғаты бойынша көмілген мәйітті қайта қазып алуға тыйым салынған. Ал мәйіт денесі бұзылмаса, басқа жерге апарып жерлеуге рұқсат етіледі (Жаназа және жерлеу рәсімдері, 2017: 110).

Қазақ халқы дүниеден өткен адамды үшінші күні жерлеген. Қазақстанның кей аудандарында бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталған. Себебі, ежелгі түсінік бойынша, қайтыс болған адамның жаны бірінші күні үй ішінде, өз айналасында ұшып жүреді, екінші күні шаңыраққа қонады, ал үшінші күні көк тәңірге аттанады деп түсінген. Ал күн аса ыстық кездері түске дейін қайтыс болса, түстен кейін жерлеген, ал түстен кейін қайтыс болса ертесінде жерлеген (Алтынсарин, 1994: 158-162).

Ислам дінінде марқұмның қайтыс болғанын жариялап, жерлеу рәсіміне асығу қажет. Хадисте Пайғамбарымыз: «Егер сендерден біреу қайтыс болса, оны кешіктірмеңдер және қабіріне қоюға асығыңдар», – деген. Тағы бір хадисте: «Мұсылманның мұсылмандағы қақы бесеу: сәлеміне жауап беру; сырқаттанса, көңілін сұрау; жаназасына қатысу; шақырса, бару; түшкірсе, Алланың рахымын тілеу» – делінген (Жаназа және жерлеу рәсімдері, 2017:34).

Аманатқа қоюмен қатар, қазақ халқында кездесетін тағы бір жерлеу түрі – сағанаға (саханаға) жерлеу болып табылады. Сағана – жер асты құрылысы. Ол екі бөлмеден тұрады,

бір жағына ер адамдарды, екінші жағына әйел адамдарды қойған. Сағанаға жерленген, денесі ұзақ жылдар бойы ешбір мумиялау, арнайы шөп-дәрілермен өңдеусіз бұзылмаған тұлғалардың бірі – М.Ж. Көпеев. Ол кісі XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген, ислам дінінің тереңіне бойлаған адам болған. Өзіне көзі тірісінде көр қаздырып, жанасын шығартып, ас бергізген адам. Ол кісінің де мәйіті ашық жатқанына қарамастан қырық жылға жуық шірімегендігі жөнінде айтылады. Ол жөнінде көптеген аңызға жақын әңгімелер айтылғанымен мәйітті ұзақ уақытқа сақтау мен жөнелтудің жосын-жоралғылары жөнінде біршама мәліметтер алуға болады.

Қазақ тілінде мәйітті жерлеуді «кою», жерледік дегенді «қойдық» деп те атайды. Башқұрт тілінде де кездесетін бұл ұғымды Л.А. Ямаева деген ғалым башқұрттардың исламға дейінгі жерлеу дәстүрі туралы мақаласында «дахма» деп аталатын сағанаға ұқсас ашық жерлеу орнымен байланыстырады (Ямаева, 2015: 202-210). Мұндай жерлеу орны зороастризм дінінде де кездеседі. Мәйітті ашық жерге қояды, етін ит-құс жеп кеткеннен кейін, сүйегін жердің астына арнайы қазылған орынға түсіріп тастайды.

Шет жақта дүние салып, арты күтіліп, қазасы жоқталмаған адамның сүйегін бірнеше жылдан соң да туыстары қазып алып, ата бейітке әкеліп жерлеуі мүмкін. Шәкәрім Құдайбердіұлы жаудың қолымен өлтіріліп, құдыққа тасталып, сонда 30 жылға жуық уақыт жатқан. Кейін ұлы Ақат қайта қазып алып жерлеген. Бұл да біз көтеріп отырған тақырыпқа жақын, жеке қарастыратын мәселе.

Не болмаса жаугершілік, соғыс жағдайында қаза болған адамның денесін әкеліп жерлеуге мүмкіндік болмай, бір сүйекті мүшесін, тым болмаса шынашағын болса да кесіп алып жерлеуі мүмкін. Бұлайша «сүйегін жеткізу» ғұрпы жасалғанда да дәстүрлі жерлеу салттары орындалады (Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер, 1991: 123).

Осыған байланысты сақ дәуірі обаларында, тіпті кейінгі ғұн-сармат кезеңі мен түркі дәуірлері ескерткіштерінде кенотафты жерлеу орындары кездесіп отырады. Кенотафты ескерткіштер мен қазақ халқындағы сүйегі елге жетпеген батырлар немесе жауынгерлерге арналып ескерткіштер ретінде оба тұрғызылған дәстүрлер тікелей сабақтастықты көрсетеді.

Қазақ халқында кей жағдайда сүйегі де қайтпаған адамға арналып ескерткіш тұрғызылып, оған киген киімі немесе тірлігінде тұтынған бұйымдары қойылған.

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, қазақ халқы ежелден әруақты сыйлап, құрметтей білетін, «өлі разы болмай, тірі байымайды» – дейтін халық. Сақ бабаларымыз мәйітті жай ғана жерлей салмай, қоштасып, ақіреттік заттарымен бірге салтанатпен шығарып салған. Патшаларына үлкен обалар тұрғызып, сол оба басында ғұрыптық рәсімдер өткізіп тұрған. Қазақ халқының жерлеу рәсіміне әрине ислам дінінің әсері болды. Дегенмен, шариғатқа қайшы келмейтін жерлерін, сол

қалпында қалдырып, ислам дініне лайықтауға тырысты. Әруақтың разылығы үшін, жылына дейін үшін, жетісін, қырқын, жылын беріп, әрдайым құран оқытып, құдайы ас беріп отырған.

Осы дәстүрлердің бәрі көне дәуірлермен сабақтасып жатқан тамыры үзілмеген дүниетаным. Сондықтан да сақ қоғамы мен қазақ халқы арасында қаншама ұлттар мен ұлыстар мекен етсе де осы жерде осы географиялық ортада қалыптасқан мәдени және дүниетанымдық түсініктер өз бояуын мүлдем жоғалтты деп айта алмаймыз.

Әдебиеттер

- Руденко С.И. (1952). Горно-Алтайские находки и скифы. Москва-Ленинград. 268 с.
- Толубаев А.Т. (2018). Сако-скифские культурно-генетические корни некоторых казахских похоронно-поминальных обычаев. Материалы международной научно-практической конференции «III Аргынбаевские чтения. Современная этнографическая наука и ее роль в модернизации общественного сознания», Алматы.
- Войтов В.Е. (1996). Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках Монголии VI-VIII вв. Москва: Изд-во ГМВ 152 с.: ил.
- Аргынбаев Х. (2005). Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы: Қайнар, 216 б.
<http://e-history.kz/kz/publications/view/1013> 25.09.2018 қаралды.
<http://azretsultan.kz/kk/node/961> 25.09.2018 ж. қаралды.
- Жанболатұлы М. (2004). Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. Алматы, 520 б.
- Кенжеахметұлы С. (2004). Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 284 бет, суретті.
- Байділдин Ш. (2010). Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым. Астана, 371 б.
- Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. (2007). Қазақтың қолданбалы өнері / Көпшілік-танымдық басылым. – Алматы: «Алматыкітап», 272 бет, суретті.
- Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер (құраст. М. Қазбеков) (1991). Алматы: «Қазақстан». 256+12 сурет бет
- Жаназа және жерлеу рәсімдері (2017). Астана: «Дәуір», 148 бет.
- Алтынсарин Ы. (1994). Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым.
- Ямаева Л.А. (2015) Реликты доисламских верований в погребальной обрядности башкир // Народы и Религии Евразии, 8(8). <http://journal.asu.ru/wv/article/view/2275> сайтынан алынды.

References

- Rydenko S.I. (1952). Gorno-Altai'skie nahodki i skify [Gorno-Altai finds and Scythians]. Moscow-Leningrad. 268 p.
- Toleubaev A.T. (2018). Sako-skifskie kúlytúrno-geneticheskie korni nekotoryh kazahskih pohoronno-pominalnyh obychaev [Sako-Scythian cultural and genetic roots of some Kazakh funeral and memorial customs]. Materialy mejdýnarodnoi naýchno-prakticheskoj konferentsii «III Argynbaevskie chteniia. Sovremennaia etnograficheskaia naýka i ee rol v modernizatsii obestvennogo soznaniia», Almaty.
- Voitov V.E. (1996). Drevnetýrkskii panteon i model mirozdaniia v kúlytovo-pominalnyh pamiatnikah mongolii VI-VIII vv. [The ancient Turkic pantheon and model of the universe in religious and memorial monuments of Mongolia VI-VIII centuries.] Moscow: Izd-vo GMV – 152 s.: il.
- Argynbaev H. (2005). Qazaqtýn otbasylyq dástúrleri [Kazakh family traditions]. Almaty: Qamar, 216 b.
<http://e-history.kz/kz/publications/view/1013> Date 1.10.2018.
<http://azretsultan.kz/kk/node/961> Date 1.10.2018
- Janbolatuly M. (2004). Tобықты-Shyńgystaý shejiresi [Chronicle of Tобықты-Chingistau], Almaty, 520 b.
- Kenjeahmetuly S. (2004). Qazaq halqynyń salt-dástúrleri [Traditions and customs of the Kazakh people]. Almaty: «Almatykitap» AAQ, 284 bet, sýretti.
- Baidildin Sh. (2010). Sanaýly ǵumyrymdaǵy sanaly oilarym [Conscious thoughts in my life]. Astana, 371 b.
- Shoqparuly D., Dárkembauly D. (2007). Qazaqtýn qoldanbaly óneri [Kazakh fine arts] / Kópshilik-tanymdyq basylym. Almaty: «Almatykitap», 272 bet, sýretti.
- Naýryz: jańǵyrǵan salt-dástúrler (qurast. M.Qazbekov) [Naýryz: revived traditions] (1991) Almaty: «Qazaqstan». –256+12 sýretbet
- Janaza jáne jerley rásimderi [Funerals and funeral rites] (2017) Astana: «Dáýir», 148 bet.
- Altynsarin Y. (1994). Orynbor vedomstvovsy qazaqtarynyń ólgen adamdy jerley jáne oǵan as berý dástúrinin ócherki [The Orenburg Office is a sketch of Kazakhs' burial and burial customs] // Altynsarin Y. Tańdamaly shyǵarmalary. Almaty: ǒylym.
- Iamaeva L.A. (2015). Relikty doislamskih verovaniy v pogrebalnoi obriadnosti bashkir [Relicts of feudal lying in the basement rituals] // Narodы i Religii Evrazii, 8(8). <http://journal.asu.ru/wv/article/view/2275> saitynan alyndy.